# 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы N 220 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қыркүйекте N 3490 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 308 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 15.11.2017 № 308 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жарма ауданының әкімі* *Ә. Мұхтарханов*

Жарма ауданының әкімдігінің
2014 жылғы " 20 " 08
№ 220 қаулысына қосымша

## 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері

| бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге | | | | тәрбиеленушілер саны, адамдар | | бір айда бір тәрбиеленушіге орта шығынның құны, теңге | | бр айда ата-аналар төлемінің мөлшері, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| балабақшалар | | шағын орталық | | балабақшалар | шағын орталықтар | балабақшалар | шағын орталықтар | |
| республикалық бюджет | жергілікті бюджет | республикалық бюджет | жергілікті бюджет | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 419 | 22 260 | 9 338 | 7 712 | 330 | 170 | 21340 | 8525 | 6 500 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК